

AP25795571. Заманауи жаһандық трендтері контекстіндегі қазақстандық қоғамның трансформациясының әлеуметтік-мәдени факторлары. ғ.ж. – Муканова А.К.

Жобаның аңдатпасы: Жаһандану, құндылықтардың өзгеруі, пандемия және адамзатқа төнген басқа да сын-тегеуріндер жағдайында қоғам өмірінің негізгі параметрлері өзгеріп жатыр. Технологиялық инновациялар күнделікті өмірімізге жаңа шындық – цифрлық мәдениетті енгізді. Виртуалды коммуникация, нейрондық желілер және машиналық оқыту жылдам қарқынмен дамып келеді. «Қоғам», «Мәдениет», «Адам» ұғымдарының мәні де өзгеріп жатыр.

Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақстан сандық саласындағы қол жеткізілген нәтижелерді нығайтуы қажет. Жасанды интеллект технологияларын "Электронды үкімет" платформасына белсенді енгізу керек. Қазақстан жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен қолданатын елге айналуы тиіс» деп атап өтті. Мемлекеттік басқарудың цифрлық платформаға көшуінің сапасы мен сәттілігі қоғамның заманауи өркениеттік форматтарға сәйкес өмір сүруге когнитивтік және құндық тұрғыдан дайындығына байланысты. Бұл жоба цифрландыру процестерімен коррелирленген маңызды факторларды анықтауға бағытталған, бұл оның тиімділігін арттыруға және ықтимал салдардың болжамдық аналитикасын жүргізуге мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты: глобализация контекстінде қазіргі қазақстандықтардың санасындағы аксиологиялық (құндық) және семантикалық (мағыналық) өзгерістердің концептуалдық құрылымын әзірлеу, ол когнитивтік карта түрінде, социологиялық, психологиялық, тарихи, мәдени, коллективті дүниетанымдық параметрлерді қамтитын егжей-тегжейлі сипаттамалармен ұсынылады..

Жобаның міндеттері:

1. Қазіргі социологиялық зерттеу техникаларын зерттеп, талдау:
 - 1.1 Заманауи қоғамдағы әлеуметтік-мәдени факторларды сандық және сапалық өлшеуге арналған ғылыми жобаларды талдау;
 - 1.2 Социометриялық зерттеулердің жаңа әдістерін зерттеу.
 - 1.3. Гуманитарлық феномендерді анализ және интерпретациялау үшін междисциплинарлық стратегияларды зерттеу.
2. Жалпы методологияны әзірлеу және жеке зерттеу әдістерін таңдау:
 - 2.1. Социологиялық зерттеу жүргізу үшін сауалнама құралдарын құрастыру; релевантты эмпирикалық деректерді жинау үшін сапалық және сандық индикаторлар жүйесін әзірлеу.
 - 2.2. Алынған деректерді дұрыс талдау және концептуализациялау үшін интерпретациялық құралдарды құрастыру; цифрландыру процестерінің индикаторларымен методологиялық матрицаны қамтитын зерттеу бағдарламасын әзірлеу және жүргізу деректерді өңдеу және талдау.
3. Қазақстанның барлық өңірлерінде социологиялық зерттеу жүргізу:
 - 3.1. Жаппай онлайн-зерттеу форматын ұйымдастыру.
 - 3.2. Өңірлерде полевті өлшеулер жүргізу үшін іс-сапарлар ұйымдастыру.
4. Социологиялық зерттеу деректерін талдау, өңдеу, классификациялау және концептуализациялау:
 - 4.1. Глобализация контекстінде қазақстандықтардың санасының социокультурлық трансформациясының негізгі аксиологиялық және семантикалық параметрлерін көрсететін когнитивтік картаны құру.
 - 4.2. Мүмкін құндық антагонизмдерді түзету және тұрақтандыру, сондай-ақ қазіргі мемлекеттік күн тәртібіне сәйкес оңтайлы даму векторларын анықтау үшін практикалық ұсыныстарды қамтитын қосымшаларды әзірлеу.
5. Зерттеудің теориялық нәтижелерін апробациялау.
 - 5.1. Зерттеудің бастапқы, аралық және қорытынды нәтижелерін ғылыми мақалалар, баяндамалар, ашық дәрістер түрінде жариялау, монографияны шығару.

5.2. Отандық және шетелдік ғылыми конференцияларға қатысу. Ғылыми дискуссиялар аясында негізгі идеяларды, концепцияларды, позицияларды сындарлы талқылау.

5.3. Социогуманитарлық білім саласындағы заманауи зерттеу практикаларымен танысу мақсатында шетелде тағылымдамалар.

5.4. Зерттеудің апробацияланған нәтижелері негізінде мәтіндік материалдарды дайындау. Монография, оқу және анықтама материалдары, аналитикалық есептер мен баяндамаларды жазу.

Материалдың жарияланған күні: 01.07.2025 ж.